УДК 378
ББК 74.58
S81

**Редакционная коллегия**
*Шакирова С.М.* - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке
*Сапаргалиев Д.Б.* – PhD, зам. директора Управления по науке
*Никифорова Н.В.* - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**
Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

**УДК 378**
**ББК 74.58**
**S81**

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

© Алматы Менеджмент Университет, 2015

Таким образом, сфера гостиничных услуг требует своего изучения, выявления проблем и способов их разрешения. В гостиничной индустрии не хватает квалифицированного персонала и менеджеров, способных грамотно организовать работу по привлечению клиентов и их обслуживанию. В целом современные гостиничные предприятия г. Алматы уровня 4 звезды не соответствуют общепринятым мировым стандартам, за исключением гостиниц HolidayInnAlmatyHotel, BestWesternPlusAtakentParkHotel, SaltanatAlmatyWorldhotel, AmbassadorHotel, SoluxeAlmatyHotel, построенных совсем недавно или модернизированных с участием иностранных компаний.

**Источник:**

1. Агенство Республики Казахстан по статистике http://www.stat.gov.kz

**Сегизбаева Жазира,**
**Тұрсынхан Айғаным**
МІжҚБ, 3 курс

Ғылыми жетекші:
**Таракбаева Р.Е., т.ғ.к., доцент**

Алматы
Менеджмент
Университет

# "EXPO – 2017 жыл" көрмесіне арналған био-мейрамхана

Бұл жоба "EXPO – 2017 жыл"көрмесіне арналған био-мейрамхана болып табылады. Жобаның мақсаты - Астана қаласына келген қонақтарды табиғи таза тағамдармен және қонақжайлылықпен қарсы алу. Мейрамхана мақсаты- барлық жастағы адамдарды барынша дұрыс тамақтануға үйрету. Сонымен қатар мұндай жоба әлі Қазақстан нарығында жоқ және үлкен сұранысқа ие болады деген болжаулар бар. Бұл жобаны іске асыру - көп шығынды талап етпейді. Эксперементті түрде жоба үш айға арналады.

Қазіргі таңда салауатты тамақтанбау себебінен адамдар сан алуан ауруларға шалдығуда. Қазақстан да осы мәселеге келе жатыр. Әлем бойынша салауатты тамақтану принципінде жұмыс істейтін 11 000 әйгілі мейрамхана бар екен. Өкінішке орай Қазақстанда осындай мейрамханалар саны тіпті аз. Статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ , Қытай елінде әлем бойынша вегетариантықтар саны көп, екінші орында Үндістан, содан кейін Израиль, Австрия, Франция , Германия сияқты ірі мемлекеттер. Ал сол елдерден EXPO көрмесіне келген туристердің тамақтануына біздің мейрамхана жауапты болмақ.

Дұрыс тамақтану қазіргі таңда танымал болуда. Дұрыс тамақтану біздің денсаулығымызға және ұзақ өмір сүруімізге тікелей байланысты екені бәрімізге белгілі, бірақ өмір сүру ритмінің жылдам болуынан, асығыстықтан, бұл салада сауатсыз болуымыздан және тағы басқа көп факторлар үшін біз күнделікті өз рационымызды қадағаламаймыз. Сол себептен осы жоба Қазақстан нарығына керек. жобаның мақсаты халықты дұрыс тамақтануға шақыру. Біз әрбір қонаққа 100% табиғи, бояулары, қоспалары жоқ тағамдарды ұсынамыз.

*Жоба сипаттамасы:*

Қазақстан нарығында әлі жоқ;
Бәсәкелестер саны аз;
Қоршаған ортаға зиян келтірмейді;
Көп шығын кетпейді;
Таза табыс көзі;
Дұрыс тамақтанатын адамдар үшін қызықты жоба;
Қазіргі таңда вегетариандықтар саны күннен күнге өсуде.

*Ұйым мақсаты:*

Маусымдық кезеңдерде нарыққа шығару.
Тұтынушыларға жаңа жобаны ұсыну.
Жаңа тағамдарды ұсыну арқылы қонақтарды тарту.
Экспо туристерін Астана қаласымен таныстыру.

*SWOT талдау*

*Артықшылықтары(Strengths):*

Қазақстан нарығында әлі болмаған жоба;
Туристерге қызықты жоба ;
Нақты бәсекелестер аз, өйткені нарықта осындай мейрамханалар жоқ;
Қонақтар қандай өніммен тамақтанып жатқандарын біліп отырады,
Мейрамхана дизайны, әуені арқылы ашық табиғатта отырған атмосфера сезіледі;
Таза табыс көзі;
Көп қызметкерлерді керек етпейді;
Ашылуына көп қаражат кетпейді;
Салыстырмалы түрде баға саясатының қолжетімді болуы.

*Кемшіліктері (Weaknesses):*
Меню шектеулі;
Орындар аз, сол себепті көп қонақ күте алмаймыз;
Жалпы жоба әзірше маусым аралық.

*Мүмкіндіктері (Opportunities):*
Қазақстандағы мейрамхана бизнесін дамытады;
Туристердің қызығушылығын тартады;
Жаңа перспективалар;
Салық төлемдерінің аз болуы;(мейрамханамен салыстырғанда)
Жаңа контингенттің пайда болуы;
Био- мейрамхана сандарын көбейту мүмкіндігі;
Астана қаласында ғана тоқтамай, басқа қалаларда ашылу.

*Қауіптері (Threats):*
Бәсекелестердің пайда болу қаупі;
Басқа тенденциялардың бар болуы;
Экономикалық дағдарыстың болу қауіпі.

## Қорытынды

Бұл мақалада қызмет көрсету саласына жаңа бағыт ұсынылып отыр. Бұл өзгеше жаңа жоба, өйткені Қазақстан нарығында мұндай мейрамхана әлі болмаған. Жобаның мақсаты – таза , денсаулыққа пайдалы өнімдермен жаңа тағамдар түрлерін жасау және сол тағамдар арқылы туристер мен қала тұрғындарын қызықтыру. Бұл жоба тек қана «EXPO – 2017» көрмесіне ғана емес, сонымен қатар ішкі туризмнің дамуына ықпалын тигізеді. Проекттің басты мақсаты тұрғындарды салауатты тамақтануға үйрету. Мақалада жаңа бизнес жоба мен оның конпецпиялары көрсетілген. SWOT талдау: яғни, жобаның артықшылықтары, бұл жобаны іске асыру мүмкіндіктері, сонымен қатар жоба кемшіліктері мен ықтимал қауіп-қатерлер де көрсетілген.

## Заключение

В данной статье затрагивается тема создания нового направления в сфере услуг. Это уникальный проект,так как еще не появился на рынке Казахстана. Цель проекта состоит в том, чтобы открыть экологический чистый ресторан здорового питания. Ресторан будет интересен не только для гостей EXPO, но и для местных жителей, главная цель проекта призвать людей к правильному питанию. Проект рассчитан не только на EXPO2017, но и для развития въездного туризма и сыграет значительную роль в привлечении туристов. В д статье представлен новый бизнес-проект, его концепция, SWOT-анализ: оцениваются преимущества и возможности реализации проекта, недостатки проекта и возможные угрозы.

## Conclusion

In this article a theme is affected about creation of new direction in the sphere of services. It is an unique project, because this kind of restaurant did not appear at the market of Kazakhstan yet. The aim of project consists opening the ecological clean restaurant with the healthy food. A restaurant will be interesting not only for the guests of EXPO but also for locals, the main idea of project to call, to invite people to the proper nutrition. This project is designed not only on «EXPO - 2017» but also for development of inbound tourism. Also, we think that our project will play considerable role in increasing tourism in our country. This article presents a new business project and its concept. Presented SWOT-analysis: evaluation of the benefits and feasibility of the project, at the same time considered and disadvantages of the project, with possible threats.